

**Арукенова Орал Ахметжанқызының  
«8D02304 – Әдебиеттану» мамандығы бойынша философия докторы  
(PhD) дәрежесін алу үшін «Жазушының тұнғыш мәтініндегі  
отаршылдық және постотаршылдық дискурсы (Ш. Айтматов, Т. Әбдік,  
Л. Калаус және т.б.)» тақырыбында дайындаған диссертациялық  
жұмысының  
АНДАТПАСЫ**

**Зерттеу өзектілігі** жазушының тұнғыш мәтінін мәтінаралық және психоаналитикалық әдеби әдістемелер тұрғысынан, сондай-ақ жаңа көзқарасты білдіретін постотаршылдық дискурс тұрғысынан зерттеу қажеттілігімен байланысты.

**Зерттеу мақсаты** – жазушының тұнғыш мәтінінің ерекшеліктерін постотаршылдық аспектіде анықтау.

**Зерттеу міндеттері:**

1. Алға қойылған мәселе аспектінде ғылыми-зерттеу әдебиеттерін іріктеу және жүйелеу.
2. Ш.Айтматовтың, Ә.Кекілбаевтың, Т.Әбдіктің, С.Санбаевтың және Л.Калаустың тұнғыш прозалық шығармаларын олардың генезисі мен семантикасы тұрғысынан талдау.

3. Тұнғыш мәтіннің поэтикасын соңғы филологиялық технологияларға – психоаналитикалық әдеби сынға және мәтінаралық зерттеулерге сәйкес талдау.

4. Кеңестік отаршылдық және постотаршылдық дискурс тұрғысынан тұнғыш мәтіннің семантикасын талдау.

**Зерттеу әдістері.** Қойылған міндеттерге байланысты талдаудың негізгі әдістері: тарихи-әдеби, тарихи-типологиялық, салыстырмалы-типологиялық, құрылымдық-семантикалық, мәтінаралық, сонымен қатар психоаналитикалық әдебиеттану әдістері.

**Жұмыстың ғылыми жаңалығы** – жазушылардың тұнғыш шығармаларының поэтикалық ерекшеліктерін психоаналитикалық әдеби сын мен постотаршылдық дискурс тұрғысынан алғаш рет қарастыруы.

**Жұмыста алға қойылған міндеттерге сәйкес алынған зерттеу нәтижелері:**

– Ш.Айтматовтың «Бетпе-бет» атты тұнғыш повесі оның халық жауы болып танылған әкесімен диалог орнатуға тырысқан алғашқы әрекеті болып табылады. Бұл жерде мәселе әкесінің сатқын-сатқын емесін анықтауда, оны ақтауда немесе одан бас тартуда емес. Айтматовтың әкесіне сенбеуіне еш негіз жоқ, бұл оның сатқынға «Исмаил» деген есім беруінен анық көрінеді. Исмаил пайғамбардың ең басты қасиеттері сабырлық пен кішіпейілділік болғаны мәлім. Повестің сонында әйелі мен ұлымен бетпе-бет кездескен сатқын Исмаилдың бет-бейнесі ашылса да, Айтматовтың бұл финалға мұлде басқа мағына беретінін анық түсінеміз: ерекек ұстанған бағытына адап болып, Құдайдың басқа салғанына мойынсынады. Өз әкесінің тағдырын Исмаилдың басына сала отырып, өз өмірбаянынан сыр шертетін кейіпкер оның өмірінің

жаңа сценарийін жазғандай болады. Егер әкем кеңес өкіметіне қызмет етуден бас тартса, оның тағдыры не болар еді? Бірақ бұл жерде де Айтматов көніл жұбататын қорытынды жасай салмайды да тоталитарлық жүйеде басқаша бола алмайтынын, қалай болғанда да оның әкесі сатқын деп танылып, сottалып, өлім жазасына кесілетінін жақсы түсінеді.

Повестің аяқталуының амбиваленттігі дегеніңіз: біріншіден, социалистік реализмді қабылдау – пафос және Горький шығармасына еліктеу («Ана» романы); екіншіден, жағымсыз кейіпкер Исмаилдың номинациясында және оның уәждемесінде мағыналарды кодтау. Бұлай болатыны Исмаил пайғамбар шынымен де Кеңес Одағының батырларының антиподы. Осылайша, социалистік реализм постулаттары аясында қала отырып, Айтматов бізге отаршыл тоталитарлық жүйенің этностардың болмысы мен мәдениетін қалай жойып жібергені, ұрпақтар сабактастыры сынды құндылықтың қалай жойылғаны, мұның кеңес балаларының бірнеше ұрпағының әкесіз өсуіне алып келгені туралы қайғылы тарихты айтып берді. «Бетпе-бет» тұнғыш повесіндегі өмірбаяндық кейіпкер Айтматовтың шығармашылық ізденістерінің бастауынан орын алады.

– Ә.Кекілбаевтың «Дала балладасы» атты тұнғыш жинағында шыққан «Шыңырау» повесі көшпелілердің көне де киелі кәсібін ұстанған құдықшы Еңсептің тағдыры туралы баяндайды. «Шыңырау» атауының орыс тіліне «құдық» деп аударылуы көптеген сұраптар туғызады.

Әңгіме көшпелілердің тұрмысы мен салт-дәстүріне, құдықшы дәстүріне бағышталған. Бас кейіпкердің уәждемесінің екіүштылдығы оқиғаның негізгі текетіресінің бас кейіпкердің санасында емес, бейсанасында жатқанын айқындаиды.

Мағыналарды сана және бейсана тұрғысынан кодтау арқылы Ә.Кекілбаев ата-бабасының көшпелі мәдениеті мен ежелгі сенімінің ерекшелігін жеткізе білген. Повестің атауының өзі автор қойған психологиялық мәселені шешудің кілтін ұсынады. Ә.Кекілбаевтың «Шыңырау» повесі туылған сәтінде-ақ жарақат алған жанның қайта туылуға деген ұмтылысын кейіпкердің ішкі қайшылықтары арқылы ашып көрсетеді.

– С.Санбаев – дала менталитетінің ерекшелігін сақтай отырып, қазақтардың этникалық кодын орыс тілінде жеткізе білген екітілді жазушылардың өкілі. Орталық Азия халықтары арасындағы билингвизм феномені мынжылдық тарихқа ие, оның негізі екі қарама-қарсы және сонымен бір мезгілде бір-біріне тәуелді екі топтың: парсы тілінде сөйлейтін отырықшы егіншілер мен түркітілдес көшпенділердің арасындағы қарым-қатынаста жатыр. Дәл қазіргі Қазақстан этностарының ашықтығы мен толеранттылығының негізі тарихи түрде қалыптасқан түрлі мәдениеттердің өзара әрекеттесуінен бастау алады.

Билингвизм шығыстық қостілділіктің көрінісі ретінде Қазақстанда XX ғасырдың басына дейін сақталды. Алдыңғы топтардың қарым-қатынасы же жеке адамның еркі мен жауапкершілігіне негізделсе, отаршылдық саясат империялық әкімшілік тарапынан қатынастардың импершілік, субъектілік-объектілік сипатын алып келді. Кеңес үкіметі ұлтаралық қатынастың ортақ

орыс тілді идеологиялық кодына кезең-кезеңімен көшіру мақсатын көздең, көптеген этностарды өзіндік ерекшелігі мен сөз бостандығынан айырып, тоталитарлық жүйеге ауыстыруды. Кеңес үкіметінің идеологиялық, саяси және аумақтық оқшаулануына қарамастан, Орталық Азия халықтары өнер адамдарының өзін-өзі танытуына ықпал еткен ғасырлар бойғы екіжактылық тенденциясын сақтап қалды.

– Т.Әбдіктің «Әке» повесі социалистік реализмнің канондарына сәйкес келетін шығарма. Кейіпкердің әкесінің төрт ағасы болған, олардың барлығы Қазақстан тарихының ең қасіретті кезендерінде қаза тапқан. Бірінші дүниежүзілік соғыстың тыл жұмыстарына мобилизациялауға қарсы болған қазақтардың 1916 жылғы көтерілісінде кейіпкердің бір ағасы қаза табады. 20-жылдардағы ашаршылық кезінде жанұясымен бірге екінші ағасы көз жұмады, 30-жылдардағы көшпелілер өркениетінің жойылуының және сонымен бірге орын алған ашаршылық пен күғын-сүргіннің нәтижесінде тағы бір ағасынан айырылады. 40-жылдарда ұжымдастырудың зорлық-зомбылығында төртінші ағасы репрессияға ұшырайды. Ақыры Сейсен қалада тұратын жалғыз ұлы Сайлаумен жалғыз қалады. Бұл повесті адамның жақындарынан айырылуығана емес, этностардың түбірімен құрып кетуі туралы жазылған трагедия деп те түсінуге болады.

Социалистік реализм қағидаларының аясында қала отырып, автор номинациялар мен оқиғалар арқылы кеңестік отаршылықтың шындығын жеткізеді.

– Калаус-Горохованиң тұнғыш мәтініндегі барлық кейіпкерлер – орыстілді. Шығармада қазақ кейіпкерлері жок, сондықтан жазушы Алма-Ата топонимін және де басқа да жер атауларын көрсетпесе, оқиғаның қай жерде болып жатқанын анықтау қыын болар еді. Оқиғаның сюжеті заманауи өнер әлемінде дамиды. Автор барлығы құрылымданған, өнер социалистік реализмнің белгілі бір канондарына бағынған өткен дәуірді бейсаналық тұрғыдан болсын аңсап, посткеңестік кезеңдегі өнер өкілдерін мысқылдайды. Тәуелсіз мемлекеттегі жаңа тенденцияларға байланысты өнердің киелі қасиетінен ажырауы жазушының отарсыздандырудың демократиялық процестерінің сәтті іске асатынына сенімсіздікпен қарауына байланысты орын алады.

– Ш.Айтматовтың, Ә.Кекілбаевтың, С.Санбаевтың, Т.Әбдіктің тұнғыш шығармалары империялық және кеңестік отаршылдық дәуірдің ұжымдық және жеке бастық психожаракаттарын көрсетеді. Психожаракаттар өмірбаяндық кейіпкер, автор-кейіпкер, интертекст (түсіндірмелер мен естеліктер, фольклорға ұндеу, көшпенділер өмірі мен Тәніршілдік рәміздері), әкелер мен балалар тақырыбы, әкесіздік тақырыбы, кейіпкердің оқшаулануы және инициация мотиві, Эдип комплексі, солипсизм мотиві, балалық және жастық шактың хронотопы, уақытша бұрмалану (оқиға шекарасының бұлышынғырлануы), кейіпкердің жеке басының және оның әлем бейнесін қабылдауының бөлшектеніп кетуі, фабуляция (араласу), шындық пен фантастика, жоғалған жұмак мифологемасы, фольклор жанрына ұмтылу және т.б. мәтіннің поэтикалық элементтері арқылы беріледі.

– Орыс жазушылары М.Земсковтың, Ю.Серебрянскийдің, И.Одеговтың және В.Крутованың тұнғыш мәтіндері постотаршылдық Қазақстандағы бірегейлікті іздеу үрдісін айқын көрсетеді.

**Зерттеу жұмыстың апробациясы мен жариялануы.** Зерттеу жұмысының негізгі мазмұны мен нәтижелері жарияланған 14 ғылыми мақалада, АҚШ-та өткен халықаралық конференцияда ағылшын тілінде жасалған 2 баяндамада көрсетілген. Оның ішінде 1 ғылыми мақала Scopus мәліметтер базасына кіретін шетелдік басылымда, 6 мақала Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым саласындағы бақылау комитетінің нұсқауындағы филологиялық басылымдарда, 5 мақала халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияларда, 2 ұжымдық монографияда жарияланды.

**Диссертациялық жұмыстың құрылымы мен көлемі.** Зерттеу жұмысы кіріспеден, үш бөлімнен, картындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен тұрады. Жұмыстың жалпы көлемі – 128 бет.